

Психотроптық әсері бар дәрі-дәрмектерді әкелу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1994 ж. 27 мамыр, N 217-ө

1. Республика халқын дәрі-дәрмек препараттарымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне республикаға 1993 жылғы 28 маусымда "Елім-ай" Халықаралық қоры мен "Sobiet Contacts-Consulting" Гмбх /Германия/ фирмасымен жасасқан N 15 контрактіге сәйкес көлемде психотроптық әсері бар дәрі-дәрмек әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі белгіленген тәртіпке сай көрсетілген дәрі-дәрмек импортына лицензия берсін.

Премьер-министрі